

«Мемлекеттік әлеуметтік  
сақтандыру қоры» АҚ  
Директорлар кеңесінің

2022 жылғы «28» қыркүйектегі  
шешімімен бекітілді  
(№ 7 хаттама)



**«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ  
ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ ҮШІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана қаласы, 2022 жыл

## 1. Қолданылу саласы

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлық қаупімен ұштасқан әрекеттер туындаған жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қор) жұмыскерлерінің іс-қимыл тәртібін регламенттейді және қызметтік міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайларды болдырмаудың алдын алу жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

2. Нұсқаулық бекітілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қордың барлық жұмыскерлері танысуға және сақтауға жатады, сондай-ақ Қордың интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең аз қажеттіліктер болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауы тиіс.

## 2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен ұғымдар

**Сыбайлас жемқорлық** - қызметтік жағдайды теріс пайдалану, лауазымды адамның өзінің билік өкілеттіктері мен оған сеніп тапсырылған құқықтарын, сондай-ақ осы ресми мәртебеге байланысты беделін, мүмкіндіктерін, байланыстарын заңнамаға және моральдық ережелерге қайшы келетін жеке пайдасына қолдануы.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі;

**Коммерциялық пара беру** – Қор қызметкерлеріне ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оларға өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ пара беруді жүзеге асыратын адамның мүддесі үшін қызметінде жалпы қамқорлығы немесе жол бергені үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету;

**Мүдделер қақтығысы** – жеке мүдделер олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және/немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін Қордың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық;

**Қордың лауазымды адамдары** – Директорлар кеңесінің мүшелері, бірінші басшы және оның орынбасарлары, Қордың басқарушы директорлары, бас бухгалтері;

**Пара** – адамның мәселені шешуді жеделдету немесе оны оң шешу мақсатында жасауға құқығы бар не жасауға міндетті пара берушінің немесе үшінші тұлғаның мүддесіне адамның әрекеттері не әрекетсіздігі үшін қабылдайтын материалдық құндылықтар (заттар, ақша, бағалы қағаздар, қызметтер/жұмыстар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда);

**Пара бопсалау** – адамның пара беруді не азаматтың заңды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау қатерімен ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік түріндегі заңсыз сыйақыны беруді не оны пара беруге мәжбүр болатын жағдайларға жеткізуді не оның заңды мүдделерін құқықтық қорғау үшін зиянды салдардың алдын алу мақсатында коммерциялық сатып алуды талап етуі.

### **3. Пара алу және пара беру**

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі параға байланысты қылмыстардың үш түрін қарастырады:

- 1) пара алу (366-бап);
- 2) пара беру (367-бап);
- 3) парақорлыққа делдал болу (368-бап).

5. Паралар:

1) заттар – бұл ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

2) қызметтер мен артықшылықтар - бұл емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық пен басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу;

3) параның жабық нысаны - қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік несие, төмен бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлей отырып, жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін гонорарды асыра бағалау, «кездейсоқ» казино ұтысы, жалдау ақысының төмендеуі, несие бойынша пайыздық мөлшерлемелердің артуы және т. б. болуы мүмкін.

6. Пара алудың жеке белгілері ретінде заң шығарушы жалпы қамқорлықты немесе бетімен жіберуді енгізді.

Жалпы қамқорлыққа, атап айтқанда, лайықсыз көтермелеуге, кезектен тыс негізсіз лауазымын көтермелеуге, қажеттіліктен туындамайтын басқа да әрекеттерді жасауға байланысты әрекеттер жатқызылуы мүмкін.

Адам оның алдын алу, жолын кесу немесе анықтау шараларын қабылдауға тиіс және қабылдауы мүмкін жағдайларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты дайындауға, жасауға не жасыруға қасақана кедергі келтірмеуі бетімен жіберуге жатқызылады.

7. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдарды және талаптарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында өтініштер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету туралы міндеттемені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды.

8. Пара беру белгілеріне мынадай жағдайлар жатады:

1) басқару функцияларын орындайтын лауазымды адамға заңды тұлғаның атынан немесе мүддесі үшін ақшаны, бағалы қағаздарды, өзге де мүлікті заңсыз беру, ұсыну немесе уәде беру;

2) пара міндетті түрде нақты сомада немесе материалдық құндылықтарда көрсетілмеуі мүмкін, бұл қызметтер, қызмет бойынша кепілдіктер немесе преференциялар пара беруші үшін маңызды мәселелерді шешуге жәрдемдесу болуы мүмкін;

3) пара туралы әңгіме жабық сипатта болады, пара берушінің сөзі даулы мәселені оң шешкен кезде оған ақша беретіні немесе қандай да бір қызмет көрсететіні туралы ашық мәлімдемелері жоқ бір буынды сөйлемдерден тұрады; бұл ретте ешқандай «қауіпті» сөз тіркестеріне жол берілмейді;

4) әңгімелесу барысында пара беруші куәгерлер немесе аудио, бейнетехника, ишаралар немесе мимикалар болған кезде бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндіктерін талқылауға дайын екенін анық көрсетеді;

5) параның сомасы немесе сипаты айтылмайды; сонымен бірге тиісті сандар қағазға жазылуы, калькуляторда немесе компьютерде терілуі және әлеуетті пара алушыға көрсетілуі мүмкін;

6) пара беруші әңгімелесуді күтпеген жерден үзіп, материалдармен қалтасын, конвертті, портфельді, пакетті қалдырып, үй-жайдан кетуге сылтау айтуы мүмкін.

#### **4. Сыбайлас жемқорлық қаупін тудыратын жағдайлар**

9. Осы нұсқаулықты іске асыру мақсатында Сыбайлас жемқорлық қаупін туғызатын жағдай деп – Қор жұмыскерінің жеке мүдделілігі оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін және жұмыскердің өзінің жеке мүдделілігі мен азаматтардың, ұйымдардың, Қордың құқықтары мен заңды мүдделері арасындағы құқықтарға зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай танылады.

10. Осы нұсқаулықты іске асыру мақсатында Қор жұмыскерлерінің мынадай іс-әрекеттері сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әрекеттері (әрекетсіздігі) деп танылады:

1) егер мұндай пайдалану заңнамада көзделмесе, өзінің материалдық мүдделерін не өзге адамдардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану;

2) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке немесе заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз артықшылық беру;

3) Қорға жұмысқа орналасу және мансап сатысы бойынша жоғарылау кезінде заңнамада көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, отбасылық, экстремизм, жерлестік) беру;

4) заңнамада көзделген жеке және заңды тұлғаларға ақпарат беруден негізсіз бас тарту, оны берудегі кідіріс, дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беру;

5) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін Қор жұмыскерлері қосымша сұрататын қажетті құжаттарды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардан заңнамада көзделмеген құжаттарды, материалдар мен ақпаратты талап ету;

6) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, шағымдарын, сұрау салуларын, үн қатуларын, хабарламалары мен ұсыныстарын қараудың заңнамада белгіленген тәртібін, сондай-ақ олардың құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді қараудың (шешудің) белгіленген тәртібін бұзу;

7) азаматтық заңнамада айқындалған құн шегінде, сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде адамдарға символдық белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтерді көрсету;

8) жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі жасау;

9) өзінің лауазымдық функцияларын орындауға байланысты әріптестерінен, заңды тұлғалардан, азаматтардан және оларға жұмыс бойынша тәуелді өзге де адамдардан жалпы қамқорлығы немесе жұмыс бойынша рұқсат бергені үшін сыйлықтар немесе қызметтер қабылдау.

#### **5. Жұмыскердің сыбайлас жемқорлық қаупін төндіретін жағдайға және егер мұндай жағдай орын алса оған жол бермеу жөніндегі іс-әрекеттері**

11. Сыбайлас жемқорлық қаупін тудыратын жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында Қор жұмыскерлері:

1) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде лауазымдық міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін қандай да бір жеке, мүліктік (қаржылық) және өзге де мүдделердің ықпалына байланысты әрекеттерді болдырмауға;

2) қызметтік, кәсіптік әдеп нормаларын және іскерлік мінез-құлық қағидаларын сақтауға;

3) лауазымдық міндеттерін объективті орындауға күмән тудыруы мүмкін әдеттен аулақ болуға, сондай-ақ олардың және Қордың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жанжалды жағдайлардан аулақ болуға;

4) қызметтік кеңседе жеке заттарын (киім, портфельдер, сөмкелер және т. б.) және келушілерді қараусыз қалдырмауға міндетті;

5) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес іс-қимыл жасамай, дереу басшылыққа баяндауға міндетті.

12. Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда жұмыскер мынадай әрекеттерді орындауы:

1) сыбайлас жемқорлық қаупін туғызатын жағдайлардың туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу туралы түсіндіруге және тиісті іс-әрекеттер жасауды дереу тоқтатуды ұсынуы;

2) қандай да бір ұсынылатын сыйақыны қабылдаудан шартты түрде бас тартуы;

3) жұмыскердің немесе өзге адамның жұмыскердің лауазымдық міндеттерін жосықсыз және объективті атқаруына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауы туралы ұсыныспен (өтінішпен, талаппен) жұмыскерге жүгінген кезде көрсетілген ұсынысты (өтінішті, талапты) қанағаттандырудан анық, сөзсіз және біржақты түрде бас тартуы;

4) осы факті туралы жоғары басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндауы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не «1424» Call-орталығына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарлама жіберуі қажет.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға берілген параны ұсыну немесе оны бопсалау немесе коммерциялық пара беру фактісі туралы өтініште:

- кім (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекемесі) пара ұсынады немесе оны бопсалайды;

- ұсынатын немесе бопсаланатын параның мөлшері мен сипаты қандай;

- пара нақты қандай әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін ұсынылады немесе бопсалау немесе коммерциялық пара беріледі;

- параны қай уақытта, қай жерде және қалай тікелей берілу керек немесе коммерциялық пара беру керектігі нақты көрсетілуі қажет.

14. Әріптестер не Қордың лауазымды адамдары тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттері анықталған жағдайда, жұмыскерлер осы Нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар ету жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

15. Қордың бекітілген штаттық құрылымына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері

бар жағдайлар анықталған және/немесе оларға тап болған кезде барлық жұмыскерлердің іс-қимылдарының мынадай алгоритмі әзірленді:

- Бас директор және оның орынбасарлары, Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары жүктелген Қордың Ішкі аудит қызметіне (бұдан әрі - қызмет) хабарлауы тиіс;

- Ішкі аудит қызметі Қордың Директорлар кеңесі мен Бас директорына хабарлауға тиіс;

- Қордың басқарушы директорлары мен бас бухгалтері Қордың Бас директоры мен Қызметіне хабарлауы тиіс;

- Департамент директорлары жетекшілік ететін Қордың басқарушы директорына, Бас директордың орынбасарына және Қызметіне хабарлауы тиіс;

- Қор жұмыскерлері құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысына хабарлауы тиіс.

16. Бұл ретте жұмыскерлер мүмкіндігіне қарай өз дәлелдері бойынша дәлелдемелік базаны (куәгерлер, құжаттар, хат-хабарлар, оның ішінде мессенджерлер, аудио және бейне материалдар және т.б. арқылы) ұсынады.

17. Жеке және/немесе заңды тұлғалардан не Қор жұмыскерлерінен Қордың жұмыскерінің немесе лауазымды адамының сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар түскен жағдайларда Қордың Бас директоры өтініш берушінің өтінішінде көрсетілген мән-жайларды қарау жөніндегі комиссия құрады. Комиссия шағымды объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды, қажет болған жағдайда шағым берген өтініш берушінің қатысуымен қамтамасыз етеді.

18. Комиссия шағымды қарау нәтижелері бойынша, өзіне қатысты шағым түскен Қор жұмыскерінің немесе лауазымды адамның әрекетін (әрекетсіздігін) заңды деп таныған жағдайда, Қордың Бас директоры тексеру нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандырудан бас тартады.

19. Шағымға жауап нақты құқықтық құжаттар мен заңнаманың ережелеріне сілтеме жасай отырып, бас тарту себебін көрсете отырып, барлық қажетті ақпаратты қамтуы тиіс.

20. Комиссия заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) анықтаған жағдайда, Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген негіз бойынша жұмыскермен жасалған еңбек шарты бұзылады. Негіздеме комиссияның актісінде жұмыскердің кінәлі іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жасағанын куәландыратын негіздемелер көрсетіле отырып расталуы тиіс.

21. Жұмыскердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы материалдарды Қордың Бас директоры Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді.

22. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда келесі әрекеттерді орындау қажет:

1) жұмыскер:

- туындаған мүдделер қақтығысы туралы өзінің тікелей басшысын жазбаша нысанда дереу хабардар етеді;

- тікелей басшының келісімімен туындаған мүдделер қақтығысын тоқтату жөнінде шаралар қабылдайды;

2) Қордың Бас директоры:

- лауазымдық нұсқаулыққа өзгерістер енгізеді немесе мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын жұмыскерді белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетілуін не басқа лауазымға ауыстыруды (орнын ауыстыруды, қабылдауды) қамтамасыз етеді;

- Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясатына сәйкес мүдделер қақтығысын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

## **6. Сыйлықтарды, өкілдік шығыстарды, қайырымдылықтарды және өзге де пайданы шектеу**

23. Сыйлық деп – функционалдық міндеттерін, сондай-ақ Қор жұмыскеріне жүктелген басқа да функцияларды орындауға байланысты алынған немесе берілген әдеттегі бағаны, оның ішінде ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де мүлікті, мүліктік сипаттағы пайдалар мен қызметтерді (жұмыстар, қызметтер, ойын-сауық, демалыс, көлік шығындарын төлеу, несиелер, жеңілдіктер, мүлікті, оның ішінде тұрғын үйді пайдалануға беру) төлеу міндеті болмайтын материалдық немесе материалдық емес нысандағы кез келген құндылық танылады.

24. Жұмыскердің сыйлық алуына тіпті жұмыскер мен пара берушінің жосықсыз немесе ақылға сыймайтын ниеті болмаса да (оның ішінде серіктестер, мемлекет және мемлекеттік органдар, кәсіподақтар мен кәсіптік бірлестіктер, нарыққа қатысушылар) басқа жұмыскерлер немесе басқа адамдар теріс баға беруі мүмкін.

25. Қор жұмыскерінің отбасы мүшелеріне, туыстарына немесе өзге де жақын адамдарына осындай жұмыскердің Қордағы жұмысына байланысты қандай да бір іс-әрекеттер/әрекетсіздіктер жасауына байланысты берілген сыйлықтар осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін жұмыскерге берілген сыйлықтар болып есептеледі.

26. Осы Нұсқаулықта белгіленген сыйлықтарды қабылдауға қойылатын шектеулер жұмыскердің отбасының айқын қарым-қатынастарына (ата-аналардың, балалардың, ерлі-зайыптылардың сыйлықтары) немесе жеке қасиетінің өзге де жақын қарым-қатынастарына, сондай-ақ мұндай сыйлық корпоративтік кәдесый өнімдері: қаламдар, дәптерлер, күнделіктер және т.б. сыйлық болып табылатын жағдайларда Қордағы жұмысына байланыссыз орын алатын достық қарым-қатынастарына негізделген жұмыскердің берушімен қарым-қатынасына қолданылмайды.



27. Осы Нұсқаулықта белгіленген сыйлықтарды қабылдауға шектеулер Қор жұмыскерлерінің олардың атынан үшінші тұлғалардың атына жіберетін қайырымдылықтар мен қайырымдылық жарналарына, сондай-ақ жұмыскерлердің атына жіберілетін осындай қайырымдылықтар мен қайырымдылық жарналарға қатысты (емделуге, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты, стихиялық жағдайлардың салдарын жоюға қаражат жинау) қолданылмайды. апаттар және т. б.) қолданылмайды.

28. Кез келген рұқсат етілмеген сыйлықтар қабылданбауы және дереу берушіге қайтарылуы қажет. Қор жұмыскері іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтай отырып, алған сыйлығын сыйлықты алу кезінде тікелей берушіге бірден қайтаруға міндетті.

29. Кез келген қызмет түрін, тауарлар мен жұмыстарды көрсеткені немесе алғаны үшін өндірілетін сыйақыларға, төлемдерге (қолма-қол/қолма-қол ақшасыз), сыйлықтарға және өзге де материалдық және материалдық емес игіліктерді алуға тыйым салынады.

#### **7. Жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілігі**

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың қағидаттары мен талаптарын сақтамағаны үшін Қор жұмыскерлері атқаратын лауазымына және атқаратын функцияларына қарамастан заңнамада белгіленген тәртіппен, оның ішінде ҚР Еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамасы шеңберінде жауапты болады.

31. Қордың жұмыскері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық пара беру немесе өзінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау фактілері бойынша қылмыстық қудалау шеңберінде тартылған жағдайда, осы жұмыскер еңбек заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде Бас директордың актісіне сәйкес өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетіледі.

#### **8. Қорытынды ережелер**

32. Осы Нұсқаулықты Қордың Директорлар кеңесі бекітеді және оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

33. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар оны Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

---

«МӘСК» АҚ Директорлар кеңесі  
2023 жылғы «13» шілдедегі  
№ 6 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН



**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік  
қоғамының жұмыскерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-  
қимыл жөніндегі нұсқаулыққа енгізілетін өзгеріс**

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 7 шешімімен бекітілген «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының жұмыскерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулыққа мынадай өзгеріс енгізілсін:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Қордың бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстары және/немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері бар жағдайлар анықталған және/немесе оларға тап болған кезде барлық жұмыскерлердің іс-қимылдарының мынадай алгоритмі әзірленді:

– Қор жұмыскерлері департамент/филиал директорына, Қордың жетекшілік ететін басшысына және/немесе Бас директорына, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке немесе Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің (бұдан әрі-Қызмет) функцияларын орындайтын жауапты тұлғаға хабарлауы тиіс;

– Қордың басқарушы директорлары мен Бас бухгалтері Қордың Бас директорына, сондай-ақ Қызметке хабарлауы тиіс;

– Бас директор және оның орынбасарлары, Корпоративтік хатшы, Ішкі аудит қызметі Қызметке хабарлауы тиіс;

– Қызмет «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ережеге сәйкес Қордың Директорлар Кеңесін және уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етеді.».